

С. Ергөбек

ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан (e-mail: saparbek.ergobek@ayu.edu.kz)

**Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» туындысының
жанрлық, тақырыптық сипаты**

Түйіндеме

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым өкілдері қазақ әдебиетіне мол жеміс берген, дәстүр қалыптастырған қаламгерлер болды. Осы ағымның ірі өкілдерінің бірі – Шәді Жәңгірұлы. Ақын шығармашылық болмысымен қазақ әдебиетінің тақырыптық, жанрлық және көркемдік тұрғыдан өсуіне мол үлес қосты. Шығыс классикалық әдебиетінің түрлі үлгілерін қазақ тілінде жырлауымен қатар дін ислам тарихы тақырыбына ден қойды. Оның сондай бірегей туындысы - Мұхаммет Пайғамбардың өмірін, пайғамбарлық жолын жырлайтын «Назым сияр шариф». Мақалада шығарманың тууы мен жырлану ерекшелігі, өзіндік құрылымдық сипаты, ақынның шығармашылық қыры сөз болады.

Кілт сөздер: Назым сияр шариф, Мұхаммет Пайғамбардың өмірі, пайғамбарлық жолы, түркі өркениеті, діни-ағартушылық әдебиет, кітаби әдебиет, кітаби ақын, дәстүрлі жазба әдебиет

S. Ergobek

Candidate of Philology, associate professor, Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan (e-mail: saparbek.ergobek@ayu.edu.kz)

The Creative Aspect of the Works of Sh. Zhangiruly the «Nazim Siyar Sharif»

Summary

In the second half of the 19th and early 20th centuries, representatives of the religious trends have produced important works in Kazakh literature. They made a great contribution to the literature of the period, establishing the literary tradition. One of the leading representatives of this movement - Shadi Zhangiruly. The poet, in his creative life, made a great contribution to the thematic, genre and artistic growth of Kazakh literature. He sang in the Kazakh language various works of Eastern classical literature and along with this, he fruitfully worked on the topic of religion and Islamic history. His unique work is "Nazim siyar Sharif", which glorifies the life and prophetic path of Muhammad. The article reveals the features of the origin and chanting of the work, a kind of structural character, creative aspect.

Key words: Nazim Siyar Sharif, life of prophet Muhammad, prophetic way, Turkic civilization, religious and educational literature, book poet, traditional written literature

Кеңестік кезеңде әдебиет пен өнерге қатысты таптық және діни ұстанымнан туындайтын саясат зардабы әсерінен еліміздің егемендігіне дейін аз зерттелген, жарияланбаған, қаламгерлік құрамының көтерген тақырыбының ауқымдылығынан қазақ әдебиетінің үлкен бір саласы болған, мол рухани қазына қазақ әдебиеттану ғылымында «діни ағартушы ақындар», «діни ағартушылық ағым өкілдері» аталып жүрген әдебиет өкілдері және олардың шығармашылық мұрасы болды.

Шәді Жәңгірұлының шығармашылығы туралы ғалым Ш. Ыбраев кеңес кертартпа ақындар деп бағалағанын, оның шарты партиялық және таптық тұғыр болғандығын, діни ағартушы ақындардың елге тигізген пайдасы сарапталмағанын атап айтады. Тек өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап ішінара олардың оқу-ағарту жолындағы іс-әрекеттері мен көзқарастарын қайта қарап, оң бағалауға алғашқы қадам жасала бастады. Соның бірі профессор Б. Кенжебаев Шәді Жәңгірұлы және онымен тағдырлас қаламгерлерді «ағартушылық бағыттағы» ақын-жазушылар деп қарастыра бастады [1, 9].

Тәуелсіздік алғалы бері мәдениет пен әдебиеттің талай қондырғыларын қайта зерделеуге кіріскенде діни ағартушы ақындар мұрасы қайта зерделеніп, жариялану жұмысының жүру мәселесі көңілге медеу боларлық. Рухани мұра ретінде «Бабалар сөзі» аталып, тұтастық сипат алып, жарыққа шығару ісі атқарылды. Бұл - болашақ ұрпақтың өзіне керегін кезі келгенде жинақтап, бағалап, қорытып пайдаланатын жұмыс болмақ.

Ғалым Ш. Ыбраев Шәді Жәңгіров осы тұста өз бағасын алуға тиіс ақындардың бірі екендігін, оның қалдырған мол мұрасы, қамтыған мәселелері жалпыұлттық кең ауқымды екендігін, отаршылдық бұғау қапсыра бұған шақта қазақтың жоғын діннен іздеу, дінін жоғалтпау идеясы Шәді ақын ұғымында тығырықтан шығудың бір жолы екендігін, дін мен оқу-ағарту – ұлттың табан тірер бір тұғыры болатындығын дәп басып көрсетеді. Шәді мұрасын осындай әділдік таразысына қызмет еткен ой-пікірлердің жиынтығы деп түсінеді. «Көп қырлы, күрделі, қайшылығы мол құбылыс қана әдебиетті айшықтай алады. Шортанбай, Дулат, Кердері, Мәшһүр Жүсіп, Ақмолла, Тұрмағанбет сияқты ақындарымен де қазақ әдебиеті көрікті бола алады. Олар сол кездегі отаршылдықпен келген бөгде идеологияға дін мен ағартушылықты қалқан қып тұтты. Қоғамдағы әділетсіздікке қарсы үн қатты» [1, 10-б.], - деп Шәді және жалпы діни ағартушы ақындар шығармашылығының күрескерлік қырын баса көрсетеді.

Шәді және діни ағартушы ақындар XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуына өздерінің қаламгерлік қарымымен діни-ағартушылық бағытта жұмыс жасап, ұлттық мүдде тұрғысынан Алаш қозғалысына да өз үлестерін қосты деуге әбден болады. Шәді Жәңгірұлы - ұлттық кодымыздың сақталуына тарихи тәжірибе мен ұлттық, діни дәстүрлермен сабақтастықта шығармашылық ету арқылы қызмет еткен діни ағартушы ақындардың бірі. Ақынның шығармашылығында адам атаулының құрметтісі, сүйіктісі Мұхаммет пайғамбардың өмірі, қайраткерлік жолын өлеңіне арқау еткен көлемді шығармасы - «Назым сияр шәриф» қиссасы.

Сира жанры - араб фольклоры мен әдебиетінің ежелгі жанры. Жанр жөнінде «Ислам» энциклопедиялық сөздігінде «Сираның исламның негізін салушы Мұхаммет Пайғамбардың өмірбаяны мен ерте мұсылман тарихнамасының ерекше жанры» екені айтылады [2, 209-б.]. Жалпы «сира» жанры о бастан ислам дінімен және оның негізін қалаған Мұхаммет салаллаһу әлейһи ас-салам есімімен тікелей байланысты. Мысалы, Мұхаммет салаллаһу әлейһи ас-салам есімі мен ісі, пайғамбарлық, қайраткерлік өмір жолы, сахабалары, ғазуат соғысының батырлары туралы жырланады.

Қаламгер Шәді Жәңгірұлы күллі мұсылман әлеміндегі дәстүр – Мұхаммет пайғамбардың ақ жолын жырлауды, Шығыс классикалық әдебиетіндегі сираны қазақ әдебиетіне алып келді, кітаби тілмен қисса етіп жырлады. «Назым сияр шәриф» қиссасы қазақ әдебиетіндегі Мұхаммет пайғамбардың өмір жолы туралы жазылған, заманы үшін мол рухани қызмет еткен, шығармасы арқылы ислам діні тарихымен таныстырған мазмұнды еңбек болды. Ислам діні ғана емес, басқа діннің қайсысы болса да, аңыздық, хикаялық әңгімелер арқылы уағыздалатыны аян.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шәриф» қиссасы еліміз егемендік алғаннан кейін араға біршама уақыт салып 1995 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Бұны кеңестік дәуірде ұзақ жылдар рухани жан дүниеміздің бос қалған қуысын толық толтырмаса да, соған бастама болар, әрі әдеби, әрі діни көне мұрамызбен қайта қауыштырған табысты іс, бір кезде діни шығармалардың жариялануы, қазақ арасына кең тараған дәстүрі қайта жаңғырды деуге әбден болады. «Назым сияр шәрифті» 1995 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарған ғалым – О. Құдышұлы. Кітап аннотациясында «Құрастырып, баспаға әзірлеген О. Құдышұлы» деп берілген. Осындағы «құрастырып» деген сөзде үлкен мән бар. Себебі Шәдінің көзі тірісінде бастырған, араб

әрпімен терілген нұсқа 380 беттен тұрады. Оның 347 беті «Назым сияр шәриф» деп аталған да, оның 339-380 беттері, яғни кітап соңы «Расул алейһис-саламның затият уа сифатият уа харижият муғжизалары баянында» қиссасында Мұхаммет салаллаһу әлейһи ас-салам-ның ерекше қасиеттерін ерекше көркем жырлаған. Ал, 1995 жылғы нұсқа - бүгінгі қазақ әрпімен берілген 120 беттік дүние. Араб әріптерінің өте сыйымды, ықшамдылығын ескерсек, Шәді еңбегінің бір бөлшегі ғана жарияланған. Әйтсе де, ХХ ғасыр басында жарияланып, кеңестік саясат салдарынан ұзақ жылдар жабық жатқан еңбектің қайта кітап болып жатуының өзі - құптарлық, қуанарлық іс. Осы орайда, ғалым О. Құдышұлының: «Бар мақсатымыз – ұмытылған қазынамызды, рухани азығымызды, тамаша мұрамызды қайта жаңғыртып, оқушы қауымға ұсыну болды. Сөйтіп, ұмытыла бастаған дүниені халқымыздың қастерлейтін дүниесіне айналдыруға шама-шарқымызша еңбек еттік. Сондай-ақ дүниежүзілік мәдениетке, жалпы адамзаттың рухани байлығына үлкен үлес қосқан, адамгершілікті, әділеттілікті уағыздаған, дінімізді қалыптастырып, әлемге әйгілі еткен пайғамбардың іс-әрекетін, халық үшін атқарған қызметін оқырманға жария етуді мақсат тұттық» [3, 5-б.], - деп береді. Дей тұрсақ та, ХХ ғасырдың басында жарияланған туындының көнелігі сол күйінде сақталып, оқырман тұтас дүниемен таныс болуы керек еді [4]. «Назым сияр шәриф» қиссасының осы басылымының аталған мәтіндік өзгерістері туралы ғалым Р. Бердібай «Шайыр Шәді және оның «Сияр шәриф» дастаны» атты мақаласында: «Ондаған жылдар бойында көзден ғайып болған дастанды бүгінгі оқушы қауымға таныстырайын деген ниетпен түпнұсқаға «өзгерістер енгізілгенін» түсінуге болады. Бірақ мұндай өңдеу шығарманың асыл нұсқасын танып білуге нұқсан келтіретінін ашық айтуымыз керек» [5, 221-б.], - деп, жәдігер ескерткіштің мәтіндік тұрғыдан өзгеріске түсуінің бұрыс әрекет екенін сөз етеді. Ал 2003 жылы Шәді Жәңгірұлының бұл шығармасы 1914 жылы Ташкентте басылған қалпын сақтап, араб харпімен 384 беттік көлемде Алматы қаласында басылып шықты [6]. «Назым сияр шарифтің» қайта жариялану ісінде үлкен бетбұрыс болған мәселе - «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көп томдық» жобасы негізінде 2012 жылы жарияланған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығында қадым жазуынан бүгінгі жазуға түсіріп, үш кітабының [1; 7] және 2013 жылы «Назым сияр шариф» шығармасының түпнұсқа мәтіні және оның түсініктемесінің [8] алты

кітап көлемінде жариялануы. Алғашқы үш кітаптың мәтінін түпнұсқадан аударған, ғылыми түсінік пен асылмәтінді ұсынған - ғалым Т. Қыдыр. Қалған кітаптарды баспаға дайындап, сөздікпен жабдықтаған – ғалым Қ. Тәжиев. Басылым ғылыми жабдықталған: әр кітап соңында көне нұсқасының факсимилесі, түсініктеме, есімдер көрсеткіші, жер-су атауларының сөздігі берілген. Сонымен бірге, 1-кітап ғалым М. Мырзахметұлының «Беташар сөз» аталған алғысөзімен берілген. Онда ғалым кітап авторын «...Оңтүстік өлкесінен шыққан «кітаби ақын» деп аталған қисса-дастаншылдардың айтулы өкілі», - деп бағалайды. Олардың отарлық дәуірде орыс патшалығы тарапынан болған шоқындыру, орыстандыру ісіне қарсы күрес дәрежесіндегі еңбектерін «Шоқындырып, орыстандыру саясатының қазақ елінің тағдырына құрылған тұзақтары мен қақпандарын алдымен қазақ ақындары сезіне бастады. Сезіне бастауының елеулі бір көрінісі уды умен қайтару үшін қиссашыл кітаби ақындар ислам дінін насихаттауға ерекше мән беріп, араб, парсы тіліндегі діни тақырыптағы әңгіме, дастандарды аудару, не өзінше жырға қосу немесе нәзіралық жолмен жарыса жырлау тәсілдерін қолдану жолына түсті», - дей келе, - «Ш.Жәңгірұлының ақындық шеберлігінің айғағы – «Назым сияр шариф» дастаны», - деп қорытады [1, б-б.]. Сондай-ақ, кітапта осы туынды жайлы жазылған ғалымдар Ш. Ыбраев, С. Өмірзақов, Т. Қыдыр, Қ.Тәжиев мақалалары, Б. Сүлейменов естелігі беріледі.

Шәді ақынның кітабилық, қиссашылдық қаламгерлік ерекшелігі туралы ғалым М. Мырзахметұлы: «Шәді Жәңгірұлы – Оңтүстік өлкесінен шыққан «кітаби ақын» деп аталған қисса-дастаншылдардың айтулы өкілі. Шәді шығармаларының көпшілігі діни тақырыптарға арналып жазылуының қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай жазылғаны айқын түрде сезіліп тұрады», - деп діни ағартушы ақындар шығармашылығының Ресейдің отаршыл үкіметінің қазақ жерін ғасырдан астам уақыт ішінде әр қилы саяси айдаларды іске қосып, жаулауына орай туындағанын таратады. Орыс патшалығының отарланған халықтарды түгел шоқындырып, орыстандыру, дінге кіргізу әрекеті ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ашық жүргізіліп, «Жаңа низамнан» кейін асқынып кеткенін айтады. Бұл отарлық саясаттың ауыр салмағының, алдымен, ақындар шығармашылығына әсер еткенін сөз етеді. Ғалым қиссашыл, кітаби ақындардың мұсылман дінін насихаттауға ерекше көңіл бөліп, шығыс тілдеріндегі дін тақырыбындағы материалдарды өзінше жырлау немесе

С. Ергөбек. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» туындысының...

нәзиралық жолмен жарыса жырлау тәсілдерін қолданғанын, діни қисса-дастандарды өндіре жырлағанын отарлық миссионерлік саясатқа қарсылықтан туындаған қоғамдық, әлеуметтік құбылыс екендігін баса көрсетеді. Осы тақырыпқа қалам тартқан Шәді Жәңгірұлының «Назым Сияр Шәриф» дастаны да біздің рухани әлемімізге қасіретті қақпанын құрған Ресей патшалығының миссионерлік саясатына қарсылықтың қоғамдық санадағы бір көрінісі деп білеміз», - деп шайыр шығармашылығының терең мәнін аңғартады [1, 6-б.].

Шәді қиссаларының ішіндегі ең көлемдісі - «Назым сияр шариф». Мұнда Мұхаммет Пайғамбар өмірі мен пайғамбарлық жолы тұтас жырланады. Мұхаммет Пайғамбарды дәріптеу, оған салауат айту дәстүрі діни ақын-шайырларға тән шығармашылық ерекшелік. Шығыс мұсылман ақындары мен қазақтың ежелгі түркі ақындары да осы дәстүрді ұстанған. Әр шығармашылық иесі туындысын Алланы мадақ етумен, Пайғамбарға жыр жолдарын арнаумен бастаған. Бұл жайттың діни әдебиет тарихында Пайғамбардың тірі кезінде басталып, дәстүрге айналуына бастама болғанын ғалым Т.Қыдыр: «Иран ғалымы Хакими Мұхаммет Резаның жазуынша, пайғамбар заманында оның айналасында отыз үш шайыр болған десе, Сирия ғалымы Шейх Набахани Бейрути өзінің төрт томдық «Әл мажмуғатун набахания фил мадайхун набауия» деген еңбегінде Пайғамбарды мадақтаған елу шайырдың өлеңдері берілген. Ал, Ирак ғалымы Уәлид Әлағзами өзінің «Шуғараур Расул» деген еңбегінде Алланың елшісінің қасында бір жүз он үш ақынның болғанын алға тартқан. Олардың сегізі әйел ақын болған. Риядта жарық көрген Әл-Хусри Әбу Исхақ Ибраһим бин Әлі Әл-Қируани өзінің «Шуғарауд дағуатул исламия фил ғахдин нубууәтун уәл хуләфәи рашидин» деген еңбегінде: «Қала Сағид бин Әлмусайиб: «Кәнә әбу Бәкир шәғирән, уә Қумар шәғирән, уә Әлі әшғәру сәләсә» деп, атақты төрт халифтың да Пайғамбарға арнап жыр жолдарын жазғанын алға тартқан», - деген пікірлерімен дәлелдейді [1, 25-б.]. Сондай-ақ, «Пайғамбар заманында танымал болған шайырлар - Асан ибн Сәбит пен Кағб ибн Зухейр деуге болады. Соңғысының пайғамбарға арнап жазған «Бинт сәғад» қасидасы мұсылмандар арасына көп тараған. Ал, Асан ибн Сәбиттің «Уә лә мәдәхту Мухәммәдән бимәқалати, Уә ләкин мәдәхту мәқәләти би Мухәммәдин» яғни «Мен өлеңіммен Мұхамметті мадақтаған жоқпын, қайта өлеңімді Мұхамметпен мақтадым» деген жыр жолдарын жазғанын», - айтады. Бұл діни әдеби дәстүр қазақ әдебиетінің тарихында да орта ғасырлардан бастау алып, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың

басында ерекше дамыған діни ағартушы ақындар шығармашылығында да дәстүр болып жалғасын тапты. Қазақ діни ағартушы ақындары оқып өскен, тәлім алған, кейін қайта жырлаған, осы рухани үдерісті жалғаған ойшыл ғұлама ақындар мен олардың туындылары қатарында: Жүсіп Баласағұн («Құтадғу білік»), Ахмет Жүйнеки («Һибату-л хакайык»), Ахмет Ясауи («Диуани хикмет»), Сүлеймен Бақырғани (Сопы Аллаяр»), алтынордалық нәзиралық туындылар: Құл Ғали («Қисса Жүсіп»), Рабғузи («Қисасу-л-әнбия»), Хусам Кәтиб («Жұмжұма»), Құтып («Хұсрау уа Шырын»), Сайф Сараи («Гүлстан би-т-түрки»), Махмуд бин Әли Кердері («Нәһжу-л-Фарадис») бар.

Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» мен Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы» ғасырлар бойы түркі сөз өнерінің өркендеуіне мол үлес қосқанын, XIX-XX ғасырлардағы бүкіл қазақ әдебиетіне тигізген ықпалын айтқанда, рухани үдеріс сабақтастығы өзінің табиғи дәстүрлі даму жолымен, ежелгі әдеби, діни-фәлсафалық дәстүрмен байланыста өркендегені көрінеді. Осы үдеріс бастауында ортағасырлық Ясауи, Баласағұни, Йүгнеки шығармалары, Алтын Орда ескерткіштері тұр.

Діни шығармаларда бар дәстүр – Алла Тағалаға мадақ сөз арнау, Мұхаммет Пайғамбарды дәріптеу, оған салауат айту. Ислам бойынша Алла мен Пайғамбарды сүю иләһи әмір. Сондықтан да мұсылмандардың әлеуметтік низамы мен дүниетанымы Аллаға және Оның Пайғамбарына деген махаббаттың негізінде қалыптасты. Осылайша, әдебиет, сопылық, өнер, философия мен басқа да салалар Алла мен Пайғамбарға шынайы сүйіспеншіліктің негізінде сомдалып шықты. Бұл сарын әсіресе әдеби туындыларда айқын көрінеді. Жыр-толғауларда Аллаға мадақпен бірге Пайғамбарға да салауат қоса айтылады [10, 231-б.].

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы туралы: «Пайғамбарымыз Мұхамметтің туғаннан бақилық болғанға дейінгі өмір жолы суреттелген. Ол кісі кіммен дос, кіммен күреңқабак болды, кәпірлермен қалай күресті, дінді қалай насихаттап, мұсылмандарды қалай қолдады, қанша баласы болды, кімнің тәрбиесін көрді, қанша рет некеленді, әке-шешесі кім және туыстарының жырда көрініс табатындығы» [11, 221-б.] айтылады. Шәді Жәңгірұлы шығармашылығынан оның діни сауатты болумен қатар, заманындағы көптеген мәселелерге діни көзқараста болған, дінді өзіне идеал еткен, дінді – ағартушылықтың, адамгершіліктің, тазалықтың қайнар көзі деп білген қаламгер екені көрінеді. «Назым сияр шариф» туындысының

шығармашылық ерекшелігі жөнінде ақын мұрасының бүгінгі таңда кітап болып қайта басылуына, зерделенуіне мол үлес қосқан, ғылыми алғысөздермен, түсініктемелермен жабдықтаған ғалым Қ.Тәжиев: «Шәді ақын шығармасына ат қоюға да ерекше көңіл бөлген. Назым деген – өлең (жыр), поэзия, нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі, сияр – Пайғамбарымыздың өзі туралы айтқан тарихи тұрғыдағы сөздері, яғни хадис шарифтері мен сахабаларының кейінгілерге айтқан ақиқат хабарларынан жинақталған өмір тарихы, ал шариф – арабтың «ашраф» және «шурафа» сөздерінің жекеше түрі, яғни «көрнекті», «ізгі ниетті» деген мағына беріп, Мұхаммет Пайғамбардың немересі әл-Хасан ұрпақтарын ғана атаған, ал сайидтерді оның інісі әл-Хұсайын ұрпақтары деп бөледі. Шариф деп бастапқыда мұсылман ақсүйектерін, яғни арабтардың жаңа жерлерді жаулап алуы барысында пайда болған жаңа билеуші топ ретінде қалыптасқан белгілі әулет басшыларын атау үшін қолданылған. Кейін Мұхаммет Пайғамбардың өлімінен соң пайда болған ағымның насихатының ықпалымен Шариф термині бірте-бірте Мұхаммет ұрпақтарына қатысты қолданыла бастайды. Бұл Мұхаммет Пайғамбарды құрметтеудің бір жолы болып табылды. Алайда шарифтердің көпшілігі дүние кумай кедейшілікте ғұмыр кешті. Бұл – Пайғамбардың қасиетінің бірі. Сонымен «Назым Сияр Шариф» – Алланың соңғы Елшісінің өз аузынан шыққан және оның сахабаларының көзімен көріп, есіткен аса көрнекті де ізгі ниетті тарихының ақиқат шындығы туралы жазылған нәзік сезімді, назым түріндегі поэзия. Мұнда автор тарапынан көркемдеу мен әсірелеулер, өз тарапынан қосып-алар пікірлер болмайды немесе күдікті, сенімсіз әлдебір екіұшты ой, пікірлер айтылмайды» [1, 16-17-б.], - деп шығарманы жазудағы автор жауапкершілігінің өзгеше деңгейде болғанын атап көрсетеді.

Ал ғалым М. Мырзахметұлы «Назым сияр шариф» қиссасы ислам тарихының ең өзекті тақырыбына айналған Пайғамбарымыз Мұхаммет (салаллаһу әлейһи ас-салам)-ның тарихи шындыққа сай жеке өмірбаяны мен қырық жасында пайғамбарлық дарып, политеистік, яғни көпқұдайға табынған адамзат баласының арасында ислам дінін тарату, насихаттау жолындағы күрес жолы ақын жырына арқау болып өрілетін құбылыс екендігін танытады. Бұл қисса-дастанның құрылымы мен сюжеттік желісіне арқау болып тартылған желісінің негізі дінтанушылық, мұсылмандық әдебиетте молынан айтылып аңызданған әдеби-тарихи дерек-мағлұматтардан алынғаны

С. Ергөбек. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» туындысының...

талассыз екендігін, дерек-мағлұматтарды қисынын тауып қиыстырғанын, ақындық шеберлігінің айғағы – «Назым сияр шариф» дастаны» екендігін баса көрсетеді. Шығарма тақырыбының көкейкестілігін қисса-дастанның сюжеттік желісіне арқау болып өрілген деректер Мұхамметтің (салаллаһу әлейһи ас-салам) жетім қалуы, Әбу Тәліптің тәрбиесінде болуы, саудамен айналысып, өзінен он бес жас үлкен Қадишаға үйленгенінде өзі жиырма бес жаста болуы, Қадиша, Әбу Бәкір, Оспанның ислам дінін қабылдауы, бұтқа табынушы өз руластарымен күресі, пайғамбарлықтың келуі, Меккеден Мединаға көшуі, т.б. оқиғалар желісін шебер суреттеуімен сабақтастықта саралайды. Шығарманың ешқашан құнын жоймайтын бағалылығын, әсіресе бүгінгі күні жаппай дінге бет бұрған жастарымыз үшін ислам тарихы және Мұхаммет Пайғамбар туралы ескірмейтін деректермен, ислам дінінің таралу, қалыптасу тарихынан негізі берік дерек мағлұматтармен рухани танымын байытып қорландыра түсетінін атап көрсетеді [1, 10-б.]. Демек, шығарма көркемдік тұрғыда да, тақырыптық тұрғыда да құнды, өзекті.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шариф» туындысы Мұхаммет Пайғамбардың өмір жолын тұтас қамтуы себепті өте көлемді болып шыққан шығарма. Онда баяндалатын оқиғалардың әрқайсысы дерлік жеке тақырыптармен беріліп отырған, мысалы, «Мейірімді, Рақымды Алланың атымен (бастаймын)», «Бұл назым кітабының жазылу себебі», «Әзірет Расул әкрамның Нұр шарифінің жаралғанының баяны», «Әзірет расулдың (салаллаһу әлейһи ас-салам) дүниеге келу тарихы», «Әзірет Пайғамбарымыздың (салаллаһу әлейһи ас-салам) бабасы Абдүлмұтталибтің көрген түсі», «Көкіректі жару (ашу)» хикаясы», «Алла Елшісінің бабасы Абдүлмұтталибтың қайтыс болуы», «Әбу Талибтің Мұхамметті (салаллаһу әлейһи ас-салам) Басраға алып барғаны», «Расул Акрамның Хадиша әл-Кубраға үйленуі», «Құрайштардың Қағбаны қайта салуы», «Піл иелері туралы хикая», «Алланың Елшісіне (салаллаһу әлейһи ас-салам) пайғамбарлық келуі», «Әзірет Әбу Бәкір Сыддықтың дінге кіргені», «Алланың Елшісінің құрайштықтарды дінге шақырғаны» т.б. Шығарманың мұсылмандық дәстүр бойынша БИСМИЛЛАХИР РАХМАНИР РАХИМ. «Мейірімді, Рақымды Алланың атымен (бастаймын)» деп басталған бөлігі кітапқа арналып жазылған алғысөз қызметін атқарып тұр.

Қорыта айтқанда, діни ағартушы ақындар өздерінің шығармашылығы арқылы сол дәуірдегі қазақ қауымына діни, рухани,

С. Ергөбек. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» туындысының...

әдеби, мәдени тұрғыда мол қызмет етті. Шәді Жәңгірұлы осы салаға түрлі тақырыптарды қозғайтын шығармаларымен үн қосты. Ақын қозғаған тақырыптың сол уақыт үшін ең өзектісі діни шығармалар болды. Оның себебі XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында орыс отарлауының қатты күшеюі еді. «Әмір Әмзе», «Назым Хайбар», «Назым Сияр Шәриф», «Фикһ Қайдани», «Ахуал қиямет», «Қисса Барсиса», «Мұсаның Тәуратты алғаны» сияқты шығармалары арқылы орыс отарлығына қарсы күрескер ақын бола білді. Ислами ақидаға арналған «Ахуал қиямет», шариғат іліміне арналған «Фикһ Қайдани», «Назым Ибраһим Халиолла», «Хазірет Мұса мен Перғауын», «Дәуіт уақытындағы рәйіс» сияқты пайғамбарлар өмірін жырлайтын шығармалар жазған Шәді бұған дейін болмаған көлемде Мұхаммет Пайғамбардың өмір жолын жырлайтын өзінің кесекті туындысын дүниеге әкелді. Ол атақты «Назым Сияр Шәриф» шығармасы еді. Ислам тарихын терең меңгерген Шәді ақын шығармада ислам діні тарихын Пайғамбар өмір жолымен сабақтастыра жырлайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазыналы Оңтүстік. 80-том. Шәді Жәңгірұлы. Назым сияр шариф. Бірінші кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2012. -343 б
2. Ислам. Энциклопедический словарь. М., 1991.
3. Жәңгірұлы, Ш. «Назым сияр Шариф» қиссасы. Алматы: «Санат», 1995. -380 б.
4. Ергөбек С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті (XIX-XX ғғ.). Түркістан: «Тұран» баспасы, 2012. -324 б.
5. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. Алматы, 2000. -350 б.
6. Шәді-төре Жаһангерұлы. Назым Сияр Шариф. Ташкент, 1914; Алматы, 2003.
7. Қазыналы Оңтүстік. 81-том. Шәді Жәңгірұлы. Назым сияр шариф. Екінші кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2012. -344 б
8. Қазыналы Оңтүстік. 82-том. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасының түпнұсқа мәтіні және оның түсініктемесі. Алты кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2013.
9. Сияр Шәріп (Пайғамбар жолы). Отбасы хрестоматиясы. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2015. - 336 б.
10. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы: «Білім». 1999.

REFERENCES

1. Qazynaly Oñtústik. 80-tom. Shádi Jáńgiruly. Nazym suar sharif. Birinshi kitap. Almaty: Nurly álem, 2012. -343 b
2. Islam. Entsiklopedicheski slovar. M., 1991.
3. Jáńgiruly, Sh. «Nazym suar Sharif» qıssasy. Almaty: «Sanat», 1995. -380 b.
4. Ergóbek S. Qazaqtyń dástúrli jazba ádebieti (XIX-XX ǵǵ.). Túrkiстан: «Turan» baspasy, 2012. -324 b.

5. Berdibaı R. Juldyzdar jaryǵy. Almaty, 2000. -350 b.
6. Shádi-tóre Jahangeruly. Nazym Sıar Sharıf. Tashkent, 1914; Almaty, 2003.
7. Qazynaly Ońtústik. 81-tom. Shádi Jáńgiruly. Nazym sıar sharıf. Ekinshi kitap. Almaty: Nurly álem, 2012. -344 b
8. Qazynaly Ońtústik. 82-tom. Shádi Jáńgirulyńyń «Nazym sıar sharıf» shyǵarmasynyń túpnusqa máhini jáne onyń túsinikemesi. Alty kitap. Almaty: Nurly álem, 2013.
9. Sıar Shárip (Paǵambar joly). Otbasy hrestomatııasy. – Almaty: «Orhon» baspa úii, 2015. - 336 b.
10. Qalıjanuly Ý. Qazaq ádebiyatındaǵı dini-aǵartýshylyq aǵym. Almaty: «Bilim». 1999.

Резюме

Во второй половине XIX и начале XX в. представителями религиозно-просветительского течения в казахской литературе стали книжные поэты, которые внесли большой вклад в литературу и формировали традиции того периода. Одним из крупнейших представителей этого течения является Шади Жангирулы. Поэт своей творческой натурой внес большой вклад в тематический, жанровый и художественный рост казахской литературы. Он воспевал на казахском языке различные произведения восточной классической литературы и наряду с этим плодотворно работал над темой религии и исламской истории. Его уникальное произведение «Назым сияр шариф» воспевает жизнь и путь пророка Мухаммеда. В данной статье раскрываются особенности возникновения и воспеания, своеобразный структурный характер, творческий аспект данного произведения.

Ключевые слова: Назым сияр шариф, жизнь пророка Мухаммеда, путь пророка, тюркская цивилизация, религиозно-просветительская литература, книжная литература, книжный поэт, традиционная письменная литература

(Ergöbek S. Творческий аспект произведения Ш. Жангирулы «Назым сияр шариф»)

Özet

XIX. yy.'ın ikinci yarısıyla XX. yy.'ın başında Kazak edebiyatındaki dini akım temsilcileri Kazak edebiyatı için önemli eserler vermiş ve bir gelenek oluşturmuşlardır. Bu akımın büyük temsilcilerinden biri Şadi Cangiruli'dir. Şair, eserleriyle Kazak edebiyatının gelişmesine büyük katkı sağlamıştır. Klasik Doğu edebiyatının çeşitli örneklerini Kazak dilinde icra etmekle birlikte İslam tarihi konusuna özel bir önem vermiştir. Yazarın önemli eserlerinden biri Hz. Muhammed'in hayatını ve peygamberliğini anlatan "Nazım Sıyar Şarif" adlı eseridir. Makalede bu eserin ortaya çıkışı, kuruluş özellikleri ve şairin yaratıcılığı ile ilgili konulara değinilmiştir.

Anahtar kelimeler: Nazım Sıyar Şerif, Hz. Muhammed'in hayatı, peygamberlik yolu, Türk uygarlığı, dini edebiyat, geleneksel yazılı edebiyat

(Ergöbek S., Shadi Zhangiruli'nin "Nazım Sıyer-i Şerif" Adlı Eserinin Yaratıcı Yönü)